

БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ



- 1. ҚР БАНК ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**
- 2. КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ
ЖІКТЕЛУІ, БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ**
- 3. БАНК ҚЫЗМЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК
РЕТТЕУ**

«Банк» сөзі италян тілінде «бансо» - ақшалы стол, айырбас жүргізілетін орын деген мағынада түсіндірілген.

Банк ұғымы және оның қызметінің мәні туралы әдебиеттерде кеңінен талқыланған. Мәселен, Е.Ф. Жуков оны қарыз капиталының қозғалысына, оны шоғырландыру мен бөлуге байланысты кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі деп санаса, Бруно Бухвальд «банк дегеніміз ақша, несие және сол тәрізді операциялармен айналысатын кәсіпорын болып табылады» деп түсіндіреді.

Ең бірінші банк Италияның Генуя қаласында 1407 жылы мамандандырылған несиес-есеп айырысу институты ретінде құрылған.

***Банктік құқық* экономиканың банктік секторындағы банктік іс пен банктік қызметті және оларды жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық банктік қатынастарды реттейді.**

Банк қызметі «ҚР – дағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы, «ҚР-ның Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңдарымен реттеледі.

Банк жүйесін құру және оның тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету, банктік қызметтерді ұйымдастыру мен жүзеге асыру, банктердің өзге де қатысушылардың құқықтық мәртебесін белгілеу, банктердің қаржыларын мемлекеттік реттеу, банктік қадағалау – бақылау жүргізу, құқық бұзушылық фактілерін анықтау және ол үшін заңды жауапкершілік шарасын қолдану барысында туындайтын қоғамдық валюталық қатынастар *құқықтық реттеу пәнін құрайды.*

ҚР-ның банк жүйесі екі деңгейден тұрады.

ҚР –ның Ұлттық Банкі орталық банкі болып табылады және ҚР банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдіреді.

ҚР-ның заң актісімен белгіленген ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, өзге банкілердің бәрі банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейіне жатады. Олар заңға сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

Коммерциялық банктер - жеке клиенттердің (ағымдағы есепті жүргізу, коммерц. несиелерді ұсыну және т.б.) салымдары түрінде тартылған ақша капиталдары мен сақталған ақша есебінен барлық саладағы кәсіпорындар үшін әмбебап банктік операцияларды жүзеге асыратын кредиттік мекемелер; кредиттік жүйенің негізгі буыны.

Банктер акционерлік қоғамдар нысанында құрылады.

Банк өз жарғысында жазылған атауды өзінің атауы ретінде пайдаланады. Банктің атауында "банк" деген сөз немесе одан туындаған сөз болуға тиіс.

Уәкілетті органнан басқа барлық банктерге өз атауында кез келген тілде толық немесе қысқарған түрде «ұлттық», «орталық» деген сөздерді пайдалануға, "мемлекеттік" деген сөзді қолдануға тыйым салынады.

Ислам банкінің атауында "ислам банкі" деген сөз тіркесі болуға тиіс.

Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны тіркеуші органдарда банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге ҚР Ұлттық Банкі лицензиясының болуымен айқындалады.

Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде банк қызметінің мәселелері бойынша реттеуді, сондай-ақ өзінің ведомствосымен қатар бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс істеуі үшін жалпы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Коммерциялық банктер мынадай белгілеріне байланысты жіктеледі:

1. Жарғылық капиталдың қалыптасуына қарай:

- мемлекеттік;**
- акционерлік;**
- жеке;**
- пай қосу арқылы (жауапкершілігі шектеулі серіктестік);**
- аралас (шетел капиталының қатысуымен).**

2. Операцияларының түрлеріне қарай:

- **әмбебап, яғни экономиканың барлық салаларына бірдей және кең көлемді банктік қызмет көрсететін банктер;**
- **маманданған, яғни бір ғана салаға қызмет көрсететін банктер;**

3. Аумақтық белгісіне қарай:

- **халықаралық;**
- **мемлекетаралық**
- **ұлттық;**
- **аймақтық;**

4. Салалық белгісіне қарай:

- **өнеркәсіптік банктер;**
- **сауда банктері;**
- **ауылшаруашылық банктері;**
- **құрылыс банктері;**
- **басқа.**

5. Филиалдар санына қарай:

- **филиалсыз;**
- **көп филиалды.**

Банкті ашу немесе оның қызметін ұйымдастыру кезеңдері:

- Банк ашуға рұқсат алу;**
- Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өту;**
- Банк операцияларын жүргізуге лицензия алу.**

Банк ашу үшін рұқсат алуға берілген өтініш үш ай әрі кеткенде алты ай мерзімі ішінде өкілетті органда қаралады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап, бір жылға дейін мыналарды орындауға тиіс:

- ұйымдастырушылық-техникалық шараларды орындау, ҰБ нормативтік талаптарына сәйкес бөлмелерді және құрал-жабдықтарды дайындау, тиісті біліктілігі бар қызметкерлерді қабылдау;**
- жарияланған жарғылық капиталды төлеу.**

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктер өз қызметін жүзеге асыру барысында филиалдарын, өкілдіктерін, жинақ кассаларын, сондай-ақ еншілес банктерін аша алады.

***Банктің филиалы* — филиал туралы ережеде немесе лицензияда көрсетілетін банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар, заңды тұлға болып табылмайтын банктік мекеме.**

***Банктің өкілдігі* — банктік операцияларды жүзеге асырмайтын, яғни банктің тапсырмасымен және оның атынан әрекет ететін банктің орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын банктің құрылымдық бөлімшесі.**

***Еншілес банк* — жарғылық капиталдың елу пайыздан астамы бас банкке тиесілі және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар заңды тұлға.**

Есеп айырысу-кассалық бөлімі (жинақ кассасы) — Қазақстан

Республикасы аумағында банктік операциялардың жекелеген түрлерін орындайтын, филиал немесе екілеттік мәртебесі жоқ, заңды тұлға емес, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің келісімі негізінде құрылатын банктің аумақтық бөлімшесі.

ҚҰБ-нің екінші деңгейдегі банктерді ашуға берген рұқсаты қайтарып алуы

мүмкін:

- **банк тарапынан өз еркімен қайта құрылу немесе таралуы туралы шешім қабылдау;**
- **банк қызметінің тоқтатылуы туралы сот шешімінің қабылдануы;**
- **мемлекеттік тіркеуге алған күннен бастап, бір жыл ішінде банк қызметіне байланысты жалған мәліметтердің болуы;**

- мемлекеттік тіркеуге алған күннен бастап, бір жылдан астам уақытқа дейін банк операцияларын жүргізу лицензиясын алмаған жағдайда;
- банк заңдылықтарында, сол сияқты жарғысында көрсетілмеген операцияларды жүзеге асыруы;
- мемлекеттік тіркеуге алған күннен бастап, бір жылға дейін жарияланған жарғылық қордың сомасын төлемеуі;

Басқару органы пайда алу мақсатында коммерциялық банктің қызметіне тиімді жетекшілік етуді камтамасыз етеді. Банктің құрылтайшылары басқару органына тікелей қатысады.

Акционерлік коммерциялық банктің ең жоғарғы органы — акционерлердің жалпы жиналысы.

Акционерлердің жалпы жиналысы жылына бір рет шақырылады.

Онда мынадай міндеттер шешіледі:

- банктің жарғысына өзгерістер енгізу;**
- банктің жарғылық капиталын өзгерту;**
- банктің Кеңесін сайлау;**
- банктің жылдық есебін бекіту;**
- банктің табысын бөлу;**
- банктің құрылымдық немесе еншілес белімшелерін құру және тарату.**

Екінші басқару органы — банктің қадағалау кеңесі. ○

Ол келесідей міндеттерді шешеді:

- нормативтік актілерді бекітеді;**

- Басқарма немесе Басқарма төрағасының шешімі бойынша жасалған мәмілелерді бекітеді.**

Келесі басқару органы - бұл басқарма (Банк кеңесі). Ол атқарушы немесе өкілетті орган.

Басқарма - банктің иелерінен, оның акционерлерінен құралады және олардың мүдделерін қорғайды.

Басқарманың міндеттеріне мыналар жатады:

- банктің стратегиялық мақсатын анықтау;**
- банктің саясаттарын жасау;**
- жетекшілік қызметке кадрлар тандау;**
- комитеттерді құру;**
- инвестициялық операцияларға бақылау жасау.**

Банк төрағасына мынадай міндеттер жүктеледі:

- **банктің қызметіне қатысты барлық сұрақтар бойынша бұйрықтар шығару және нұсқаулар беру;**
- **барлық мемлекеттік және басқа да органдарда, басқа банктерде, онын, ішінде шетелдік банктерде банк қызметіне қатысты барлық сұрақтар бойынша өкілеттілікті жүзеге асыру;**
- **банктің мүлкіне және қаражаттарына ие болу;**
- **банктің штаттық жұмысшыларының саны мен құрылымын бекіту;**
- **еңбек келісімшарты бойынша банктің лауазымды тұлғалары- мен келісімдер (контрактілер) жасасу.**

Банк операциялары:

- 1) депозиттерді қабылдау, заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;**
- 2) банктер мен банк операц-н жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;**
- 3) банктердің жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашуы және жүргізуі жатады.**

4) кассалық операциялар: банктердің және Ұлттық почта операторының

қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауы және беруі;

5) аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау.

6) есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);

7) банктік заем операциялары: банкке, ипотекалық ұйымға немесе агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарына төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысандағы кредиттер беру;

8) шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;

9) банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;

10) төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;

11) аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

12) банктердің ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беруі;

13) үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілді-

Банктерді ерікті түрде қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру)

уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, банк акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің болуы банкті ерікті түрде қайта құруды жүргізуге рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш беруге негіз болып табылады.

**Банкіні консервациялау Ұлттық
Банкінің шешімі бойынша банкінің
қаржы жағдайын сауықтыру және
оның жұмыс сапасын жақсарту
мақсатында банкіге қатысты
әкімшілік, заңдық, қаржылық,
ұйымдық-техникалық және басқа да
шаралар мен рәсімдер кешенін
мәжбүрлі түрде жүргізуді білдіреді.**

**Консервациялау режимін белгілеу
Ұлттық Банкінің шектеулі (бір
жылға дейін) мерзімге банкіні
басқару жөніндегі уақытша
әкімшілікті немесе уақытша банк
басқарушысын тағайындауын
білдіреді.**

**Банкіні консервациялау банкінің
өз қаражаты есебінен жүзеге
асырылады.**

Банк:

- а) уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда (ерікті тарату), оның акционерлерінің шешімі бойынша;**
- б) ҚР-ның заң актілерінде көзделген реттерде (еріксіз тарату) соттың шешімі бойынша;**

Банктердің қызметін тоқтату, оның ішінде банкроттық негіз бойынша тоқтату және заң талаптарын ескере отырып, ҚР-ның заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.